

## Алматы қаласында жұмыссыздарды 2007 жылы қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы

### *Күші жойған*

Алматы қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 30 желтоқсандағы N 8/1574 қаулысы. Алматы қаласы Әділет департаментінде 2007 жылғы 19 қаңтарда N 731 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 10/1245 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы "Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 836 қаулысын басшылыққа алып және III сайланған Алматы қаласы мәслихаты XIV-сессиясының 2005 жылғы 24 наурыздағы "Алматы қаласының 2005-2007 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасын бекіту туралы" N 130 шешімімен бекітілген Алматы қаласының 2005-2007 жылдарға арналған халықты жұмыспен қамту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2007 жылға арналған ұйымдар және қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемінің ұсынылған тізбесі бекітілсін.

2. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті жұмыс берушілермен қоғамдық жұмыстарды орындауға келісім-шартқа отыруға өкілетті болсын.

3. Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар департаменті қала бюджетінің 2007 жылға арналған қоғамдық жұмыстарын өткізуге қарастырылған қаражат шегінде жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуін жүзеге асырсын;

қоғамдық жұмыстағы жұмыссыздардың еңбекақысын төлеу екінші деңгейдегі банктердегі жеке есеп шоттарына аудару арқылы жүргізілсін.

4. Қоғамдық жұмысқа қатысатын жұмыссыздардың еңбекақысы ең төменгі 1,5 айлық жалақы мөлшерінде белгіленсін.

5. Алматы қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 12 желтоқсандағы "2006 жылы жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберу туралы" N 5/813 қаулысының күші жойылды деп танылсын (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде ретпен тіркелген N 688, 2006 жылғы 28 қаңтарда N 18 "

Вечерний Алматы", 2006 жылғы 7 ақпанда N 14 "Алматы Ақшамы" газеттерінде жарияланған).

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

7. Осы қаулы ресми жарияланған алғашқы күннен бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының әкімі

И. Тасмағамбетов

Әкімдік хатшысы

К. Тәжиева

Алматы қаласы әкімдігінің  
2006 жылғы 30 желтоқсандағы

N 8/1574 қаулысымен бекітілген

**Алматы қаласындағы 2007 жылға арналған ұйымдар, қоғамдық жұмыс көлемдері мен түрлерінің ТІЗБЕСІ\***

№	Жұмыс түрлері	Жұмыс істейтін адам саны	Жұмыс берушілер
1.	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық ұйымдарына аумақтарын жинауға көмек беру	2531	"Тұран" тұрғын жай меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, "Ісмер" тұрғын жай меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, "Мақсат" тұрғын жай меншік иелері кооперативінің қауымдастығы, Алматы қаласы Әуезов ауданы әкімінің аппараты коммуналдық шаруашылық бөлімі, "Алматы қаласы Медеу ауданы әкімінің аппараты", "Алматы қаласы Бостандық ауданы әкімі аппараты" көркейту бөлімі, "Қарасу", "Ұлжан ұлысы", "Заря Востока XXI" қоғамдық бірлестіктері, "Самғау фирмасы" Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, "Жетісу" қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігі және т.б.
2.	Жол салу және оны жөндеу жұмыстары	188	Жол - пайдалану учаскелері және т.б.
3.	Өңірлік экологиялық сауықтыру (көгалдандыру және көркейту)	386	"Көгалдандыру" Акционерлік қоғамы, "Тәртіп" Акционерлік қоғамы және т.б.
4.	Өңірлік қоғамдық нақандарын ұйымдастыруға көмек көрсету	1770	"Жол қозғалысы қауіпсіздігі және қоғамдық тәртіпті күзету қоры" қоғамдық бірлестігі, "Правопорядок-Т" қоғамдық қоры, құқық қорғау органдары мен халық жасақтарына көмек көрсету қоры қоғамдық қоры, аудандық әділет басқармасы, "Қорғаныс істері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі, жергілікті өзін-өзі басқару комитеттері, "Қазақ тілі" қоғамдық бірлестігі және т.б.
5.	Қарт азаматтар мен мүгедектерге күтім жасау, балалармен жұмыс жасау және басқа да әлеуметтік	1125	"Дана" отбасын қолдау орталығы, "Қамқорлық" дағдарыс орталығы, "ЖКТБ алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" мемлекеттік мекемесі, "Мүгедектер ерікті қоғамы" қоғамдық

	<p>қызмет көрсетуге байланысты жұмыстарды жүргізу</p>		<p>бірлестігі, Мүгедектер қоғамы, Алматы қаласының жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры, аулалық клубтар, Балалар шығармашылық үйлері, Көпбалалы отбасылар одағы, Түркісіб аудандық қайырымдылық қоры, Балаларды қолдау орталығы, "Қазақтың соқырлар қоғамының тәжірибелік кәсіпорыны" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана мемлекеттік мекемесі, қоғамдық бірлестігі "Әйелдер бастамасының қалалық орталығы" қоғамдық бірлестігі, Көп балалы аналардың "Ғибрат" Республикалық қоғамдық бірлестігі, Алматы қаласы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Еңбек биржасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорыны және т.б.</p>
	<p><b>БАРЛЫҒЫ</b></p>	<p><b>6000</b></p>	

\* Жұмыс түрлеріне қатысатын адам саны, қатысу ұзақтығы сұраныс пен ұсынысқа қарай қоғамдық жұмыстарды өткізуге 2007 жылға арналған қала бюджетінде қарастырылған қаражат шегінде өзгеруі мүмкін.

Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыста пайдаланатын ұйымдар қосымша ақы төлей алады. Қолданыстағы халықты жұмыспен қамту заңының қоғамдық жұмыстарда еңбекке ақы төлеу бөлігінде өзгерістер болған жағдайда еңбекақының мөлшері өзгеруі мүмкін.